

**Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жанындағы
6D010000 – Білім беру (гуманитарлық ғылымдар) мамандығы бойынша
диссертациялық кеңесінің 2017 жылға арналған жұмысының
ЕСЕБІ**

Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жанындағы 6D010000 – Білім беру (гуманитарлық ғылымдар) мамандығы бойынша диссертациялық кеңесі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының № 56 бүйрығымен 2016 жылы қаңтардың 21 күні құрылды.

Диссертациялық кеңеске

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті

6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті

6D011900 – Шет тілі: екі шет тілі.

6D011400 – Тарих

мамандықтары бойынша қорғату үшін диссертацияларды қабылдауға рұқсат берілді.

Диссертациялық кеңестің құрамы 15 адамнан тұрады. Кеңес отырысына себепсіз қалған кеңес мүшелері болған жоқ.

2017 жылы диссертациялық кеңеске ұсынылған диссертацияларды қарастыру үшін 3 кеңес отырысы өткізіліп, 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша 3 диссертация қорғалды. Диссертациялық жұмыстың үшеуі де қазақ тілінде орындалған. Қорғау барысында докторанттар өздерінің баяндамаларын слайдылар көрсету арқылы тұжырымданған отырды.

Қорғау мерзімі мен олардың саны диссертациялық кеңестің Ережелеріне сай анықталып, мына уақыттарда өтті:

1. Кәрімова Гүлмира Сәрсемхановна – 31 қаңтар 2017 жыл
2. Махаш Гаухар Абдуғаппарқызы – 31 қаңтар 2017 жыл
3. Әлиева Жанат Әбілжановна – 11 мамыр 2017 жыл

Диссертациялық жұмыстардың тақырыптары көрсетілген мамандықтардың дамыту бағыттарымен, республикадағы білім беру жүйесінің ұлттық мемлекеттік бағдарламасының дамуымен сәйкес келеді және практикалық бағыттылығы бар.

1. 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша Кәрімова Гүлмира Сәрсемхановнаның диссертациясының тақырыбы «Қазіргі қазақ драматургиясы және оны оқыту әдістемесі».

Диссертациялық жұмыс Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған. Қорғау тілі – мемлекеттік тіл.

Ғылыми кеңесшілері:

Отандық ғылыми жетекшілері:

ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор – Сманов Бақтияр Әрісбайұлы және филология ғылымдарының докторы, доцент Серік Асылбекұлы.

Шет елдік ғылыми кеңесші:

PhD доктор, доцент Кенан Koch (Түркия, Мугла).

Зерттеу тақырыбының өзектілігін нактылау үшін диссертациялық жұмыста тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ драматургиясының даму үрдістері, ерекшелігі, драмалық шығармалардағы замана шындығының көрініс табуы, пьесалардың жаңашылдығы мен дәстүр сабактастығын ұстануы, идеялық мазмұндық ізденістері, тіл, стиль, мәселелері қарастырылып, драматургияның қазіргі даму бағыттары мен көркемдік тұтастығы, оны оқытудың әдіс-тәсілдері зерттелді.

Зерттеушілік жұмыстың жаңалығында

- тәуелсіздік дәуірінде қазақ драматургиясында қалам тартқан барлық драматургтардың көркемдік әлемі жан-жақты қарастырылып, тақырып, идея, композиция, сюжет, тіл, стиль тұрғысынан талданы; драмалық шығармалардың көркемдік ерекшеліктерін тұтас көркемдік-эстетикалық kontekste қарастыруға алғаш рет талпыныс жасалды;

- белгілі драматургтер Ә.Кекілбаев, С.Балғабаев, Т.Нұрмамбетов, Д.Исабеков, С.Асылбекұлы, Р.Отарбаев, Ы.Сапарбай, Иран Ғайып т.б. сынды суреткерлердің қазақ драматургиясының көкжиегін кеңейтіп, тақырыптық идеялық тұрғыдан байытқандығы сараланды;

- Қазіргі қазақ драматургиясынан әдеби білім берудегі әдіс-тәсілдер жүйесін саралау арқылы оны оқытудың дидактикалық және пәндей ұстанымдары ғылыми негізделді;

- ЖОО-да қазіргі қазақ драматургиясын оқытудың мән-мазмұны айқындалып, мазмұндық-құрылымдық жүйесі жасалды;

- білім берудегі оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерінің тиімділігі қазіргі қазақ драматургиясын оқытудағы жасалған тәжірибелер арқылы дәйектелді.

Зерттеудің практикалық маңызы. Зерттеу материалдарын мектептің әдебиет сабактарында, ЖОО-да әдебиетті оқыту әдістемесі пәнінен дәріс, семинар сабактарында, өздік жұмыстарда, аудиториядан тыс іс-шараларда, үйірме, секцияларда, әдебиетші мұғалімдердің білім жетілдіру курсарында пайдалануға болады.

Диссиденттың жүргізген зерттеу нәтижелерінің қорытындысы әдебиеттану, педагогика, психология, әдебиетті оқыту әдістемесі пәндерінің жаңаша зерттелуіне тірек бола алады.

2. 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша Махаш Гаухар Абдуғаппарқызының диссертациясының тақырыбы «XX ғасырдың II

жартысындағы қазақ әдеби сынны және оны оқыту әдістемесі (60-90 жылдар)».

Диссертациялық жұмыс Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған. Қорғау тілі – мемлекеттік тіл.

Ғылыми кеңесшілері:

Отандық ғылыми жетекшілері:

Филология ғылымдарының докторы, профессор Рақымжанов Тенізбай Нәбиұлы және педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент – Эрінова Бақыт Айтукызы.

Шет елдік ғылыми кеңесші:

Доктор, профессор Волкан Мұстафа Джошкун (Түркия, Мұғла).

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. XX ғасырдың екінші жартысындағы кезең қазақ әдебиетін салыстырмалы-тарихи теориялық және сын тұрғысынан зерттеген ғалымдардың ғылыми еңбектері бүгінгі таңда арнайы қарастыруды талап етеді. Өйткені оларды танып, білу арқылы сол кездегі әдебиеттанудағы ғылыми ізденістерді саралауға мүмкіндік туады. Ұлттық әдебиетті зерттеу және оны зерттеуші ғалымдарымыздың енбегін лайықты саралап, тиісті бағасын беру, әдеби шығармалардың ұрпак тәрбиесіне игі әсерін атап көрсете – уақыт талабы.

Зерттеудің ғылыми жаңалықтары:

Диссертациялық жұмыста XX ғасырдың соғыстан кейінгі қазақ әдебиетін зерттеген ғалымдардың еңбектері ғылыми тұрғыдан жүйелі тұтас бірлікте салыстыра сараланды. Сол арқылы қазақ әдебиеттанудағы әр жылдардағы ғылыми көзқарастардың калыптасу жолдары айқындалды. Әдеби сынның оқытылу әдістемелері, оның зерттелу, қалыптасу жолдары анықталады. Көркем шығармадағы сынның оқытылу әдістемелері арқылы ұрпак тәрбиесін ізгілендіру, имандылық-адамгершілік қасиеттерді бойға сініру, сол арқылы ұлт патриоттарын тәрбиелеуге қол жеткізу жолдары айтылды. Мектеп қабырғасында әдеби образдар арқылы рухани мәдениетті қалыптастыру әдістемелері көрсетілді. Оку жүйесіндегі өзгерістер мен дамулар арқылы әдеби сынның да педагогикалық ролі анықталды. Оны тиімді пайдаланудың жолдары қарастырылды.

Қазақ әдеби сынның отандық зерттеушілердің еңбектері тәуелсіздік кезеңдегі ғылыми ұстанымдар тұрғысынан жүйеленіп, оны оқыту әдістемелері арнайы диссертациялық зерттеу жұмысының өзегін құрады. Қазақ әдебиеттанушыларының өткен ғасыр руханияты мен көгамның идеялық және әдеби-эстетикалық санаасының дамуына қосқан үлесі, педагогикалық ықпалы жан-жақты тарихи-салыстырмалық тұрғыда зерттеліп, тиісті деңгейде бағаланды.

Қайта құру, жариялыштың кезеңі, әдебиет қайраткерлерінің ақталуы және тәуелсіздік карсаңындағы әдеби сын жанрларының жетістіктері, олардың ұрпак тәрбиесіне тигізер оң ықпалы кешенді түрде ғылыми нысанға алынды.

Қазақ әдеби сынының әдеби байланыстар контексінде қарастырылуы және оның ұлттық педагогика үдерістеріне үйлестіріле талдануы, оны оқыту әдістемелері – ұсынылып отырган жұмыстың негізгі жаңалықтарының бірі.

Зерттеудің практикалық маңызы. Диссертациялық жұмыста ұсынылған тұжырымдарды жоғары оку орындары мен орта, арнаулы мектептерде әдебиет салыныштыру жөніндегі әдебиеттандыру миссиясы мен практикасын оқытатын пәндерге дереккөз, әрі арнайы курс ретінде ұсынуға болады. Ғылыми жұмыс қазіргі кезең әдебиеттандыруға қатысты пікірлерді терендете түсінуге септігін тигізеді. Әдеби салыныштыру жөніндегі әдебиеттер арасындағы рухани байланыс арқылы ұрпақ санаасын тәрбиелу әдістемесі педагогика саласындағы тың тұжырымдар мен ой-пікірлер қосымша оку құралдары мен кезең әдебиеттің оқыту бағдарламаларына қажетті еңбек болады деп санаймыз. Осы бағытта терендесілген арнайы курс сабактарына пайдалануға мүмкіндік мол.

3. 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша Элиева Жанат Әбілжановнаның диссертациясының тақырыбы «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын және оны қыту ұстанымдары»

Диссертациялық жұмыс Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде орындалған. Қорғау тілі – мемлекеттік тіл.

Фылыми кеңесшілері:

Отандық ғылыми жетекшілері:

Филология ғылымдарының докторы, профессор – Ержанова Сәүле Баймырзақызы және ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор – Сманов Бактияр Әрісбайұлы.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Философия PhD докторы Әуезова Зифа-Алға Мұратовна.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі әдебиеттандудағы бұл бағытта жүргізілген осындай зерттеу жұмыстары үлкен ғылыми жетістік болғанымен, көне түркі әдебиетінің қазақ поэзиясында көрініс табуын жоғары мектепте оқыту, оның ғылыми-әдістемелік жүйесін жасау – қазіргі кездегі кезек күттірмес мәселелердің бірі. Сол себепті әдебиеттің тарихи кезеңдерінің өзіндік даму ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын көріністерін әдістемелік тұрғыдан кешенді талдау қажет. Сондықтан қазақ поэзиясының даму үрдісіндегі көркемдік дәстүр жалғастыры мен дәуірлік жаңашылдықтың негізінде көне түркі әдебиетінің көркемдік белгілерінің болуы, оны оқыту мәселелері зерттеу тақырыбының өзектілігін, әрі маңыздылығын айқындаиды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқытудың ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздері айқындалып, оның қалыптасуына ықпал еткен алғышарттарына сипаттама берілді;

- қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқытудың педагогикалық-психологиялық негіздері анықталып, ғылыми жүйеленді;
- қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқытудың философиялық негіздері анықталып, ұлттық құндылық тұрғысынан талданды;
- болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын даярлауда пайдалану үшін «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқыту әдістемесі» курсының оку-әдістемелік кешені дайындалып, ұстанылды;
- қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың әдістемелік жүйесін саралау арқылы оны оқытудың негізгі ұстанымдары ғылыми негізделді;
- ұлттық поэзиядағы түркілік сарындарды жоғары мектепте оқытудың мазмұндық-құрылымдық жүйесі жасалды;
- инновациялық әдіс-тәсілдердің тиімділігі тәжірибе арқылы көрсетілді.

Зерттеудін теориялық және практикалық маңызы.

Зерттеу жұмысында көне түркілік сарындардың қазақ поэзиясында көрініс табу үрдісі әдебиет тарихының кезеңдері бойынша жүйелі, сатылай қарастырылғандықтан, оның ғылым мен білім берудегі теориялық және практикалық маңызы арта туспек. Жұмыстың нәтижелерін қазақ поэзиясына қатысты оқытушымен бірге студенттің өздік жұмысы (ОБСӨЖ) және студенттің өздік жұмысы (СӨЖ) сабактарындағы жазба жұмыстарына, семинар сабактарына пайдалануға болады. Сондай-ақ жұмыстың ғылыми мазмұны мен тұжырымдарының жалпы әдеби поэтикалық мәні де бар.

2016 жылы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 6D010000 – Білім беру (гуманитарлық ғылымдар) мамандықтары бойынша PhD докторы дәрежесін қорғататын Диссертациялық кеңеске өтініш берген докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына ресми рецензенттер ретінде республикадағы білікті мамандар тағайындалды. Рецензенттердің іріктеу кезінде ғылыми жетекшілер мен рецензенттердің тәуелсіздік ұстанымы басшылыққа алынды.

Рецензенттердің пікірлері Ғылым комитеті тарапынан ұсынылған ережелер мен талаптарға сәйкес жазылуы қадағаланды. Пікірде қорғауға ұсынылып отырған ғылыми еңбектің теориялық және практикалық маңызы мен жаңа шылдығы, нәтижелері дәйектеліп көрсетілуі талап етілді. Ізденушілік жұмыстар бойынша сарапшылардың тұжырымдары жеткілікті дәрежеде дәлелденуі, жұмыстың мазмұны мен рәсімделуіндегі кемшіліктердің сапалық деңгейінің дәлелді болуы ескертілді. Рецензенттер жұмыстарды жетілдіру, дамыту бағытында өз ұсыныстарын беріп отырды. Есеп беріліп отырған кезеңде қорғалған диссертациялар бойынша жазылған ескертпелер мен көрсетілген жекелеген кемшіліктердің зерттеу еңбектерінің жалпы ғылыми-теориялық мазмұны мен практикалық нәтижелеріне нұқсан келтірмейтіні ашып көрсетілген. Рецензенттер тарапынан диссертацияларға теріс пікірлер берілген жоқ.

Есеп беріліп отырған кезеңде Томсон Рейтер, Scopus базаларына енетін шетелдік салалық басылымдарда мақаласы жарық көрмегендіктен, корғауға шықпаған бір докторант болды. Ол – Әлиева Жанат Әбілжановна. Оның «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын және оны оқыту ұстанымдары» атты диссертациясын корғау алғаш рет 2017 жылдың қантар айының 31 күніне белгіленген болатын. Алайда, тексеріс барысында, докторанттың мақаласы Life Science журналында жарық көргені, ал бұл басылымның педагогика саласына қатысты Scopus мәліметтер базасындағы журналдар катарына енбейтіні анықталды. Осы себепке байланысты докторант Ж.Әлиеваның диссертация корғау уақыты кейінге шегерілген еді.

Есеп беру кезеңінде докторанттардың жұмыстарының көбінде орфографиялық, пунктуациялық және стильдік қателер орын алғаны көрсетілген. Ізденушілерге бұл мәселеге үлкен жауапкершілікпен қарau керектігі ескертілді. Сондай-ак, үш тілдегі аннотацияларды қазақ, орыс тілдерінен ағылшын тіліне аударғанда дұрыс, сауатты аударылмаған жағдайdarда қайта өндөу жұмыстары жүргізілді.

Ғылыми кадрларды дайындау жүйесін одан әрі жетілдіру үшін ұсыныстар:

1. Диссертациялық жұмыстарды қорғату үшін жіберіп отырған жоғары окуорындарының басшылары, кафедра менгерушілері мен ғылыми жетекшілерінің қорғауға жіберіліп отырған диссертациялық жұмыстардың сапасы мен дайындық деңгейлері үшін жауапкершіліктерін күшету.

2. Қорғауға докторанттарын ұсынып отырған кафедрадағы ғылыми жетекшілеріне түлектерінің Томсон Рейтер, Scopus базаларына қатысты шетелдік басылымдарда мақалаларының өз уақытында жариялануын қадағалауды күшету, қажет болған жағдайда докторанттарға ғылыми-методикалық көмек көрсетілуі тиіс екендігі ескертілді.

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялар туралы мәліметтер:

	Мамандық 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті
Қорғаудан алынып тасталған диссертациялар	1
Рецензенттердің теріс пікірлерін алған	-

диссертациялар	
Коргаудың нәтижесі бойынша он шешім қабылдаған	1
Соның ішінде басқа оқу мекемелерінен	-
Коргаудың нәтижесі бойынша теріс шешім қабылдаған	2
Соның ішінде басқа оқу мекемелерінен	1
Коргалған диссертациялардың жалпы саны	3
Соның ішінде басқа оқу мекемелерінен	1

Сонымен, 6D010000 – Білім беру (гуманитарлық ғылымдар) диссертациялық кеңесінде 2016-2017 жылдары қоргалған 4 диссертациялық жұмыс КР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті тарапынан он шешімін таппай (2017 жылғы 16 мамырдағы № 718 бүйрігіна және 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 1333 бүйрігіна сәйкес), докторанттарға философия докторы (PhD) дәрежесі берілмеди. Олар: «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша Онғарбаева Элия мен Себепова Раушан, «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша Махаш Гауһар мен Әлиева Жанат.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бүйрігімен бектілген Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереженің 3-тармағына сәйкес, осы диссертациялық кеңесте қоргалған диссертациялар бойынша Комитеттің теріс шешімі 2-ден (екіден) көп болған жағдайда, диссертациялық кеңес жұмысын тоқтатады және 3 (үш) жыл жұмыс істемейді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде диссертациялық кеңестің қызметі токтатылды.



Диссертациялық көнестің тәрагасы

РАСТАЙМЫН:	Абай атындағы Қазақты
ПЕРСОНАЛДЫ БАСКАРУ ӨЛМІННИҢ БАСТЫГЫ	
ЗАВЕРЯЮ:	НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ ООО "ИМЕНЬО"
КОНЫ ПОДПИСЬ	<i>Аманжанов</i>

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

Fyech

П.Т.Әуесбаева

09. 01. 2018